

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2021 жылғы 6 мамырдағы № 6 /59 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 11 мамырда № 7404 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына және 35-1-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 26/139 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4658 болып тіркелген);

2) "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында ауылдық округтердің жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 14 мамырдағы № 28/150 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4735 болып тіркелген).

2. Осы шешім алғашқы рет ресми жарияланған күнінен соң он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихаты
сессиясының төрағасы*

П. Гольцер

*Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының хатшысы*

А. Бектасова